

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күші жойған

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 31 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 19 сәуірде N 2-6-84 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 45 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2012.03.12 N 45 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы N 1163 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 3 наурыздағы N 1163 Жарлығын іске асыру туралы N 250 Қаулысына сәйкес Балқаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық округтердің әкімдеріне Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 35 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне "Алматы облысы Балқаш ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сай құрамда

қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сай б е к і т і л с і н .

4. Ауылдық округтердің әкімдері 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Балқаш аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Жанат Құдайбергенов (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде ұйымдастырып жүргізсін, ішкі істер органдары әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Балқаш ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 7 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 41 (Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылдың 13 мамырдағы N 2-6-70 нөмірімен нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) қаулысының орындалуына байланысты күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Рахымбаев Бақытбек Рахымбайұлына жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі *Е. Қошанбеков*
Аудан әкімдігінің 2011 жылдың
31 наурыздағы N 31 Қазақстан
Республикасының азаматтарын
2011 жылдың сәуір-маусым және
қазан-желтоқсанында кезекті
мерзімді әскери қызметке
шақыру туралы қаулысына
1-қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Кушербаев Марат Жеңісұлы – комиссия төрағасы, Балқаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы;
Рахымбаев Бақытбек Рахымбайұлы – комиссия төрағасының орынбасары,

аудан әкімінің орынбасары;
 Құдайбергенов Жанат Қуанышұлы – Балқаш аудандық ішкі істер бөлімінің
 б а с т ы ғ ы ;

Мұратбаев Ринат Алмазұлы – "Балқаш аудандық орталық аудандық
 ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері,
 аудандық дәрігерлік комиссиясының төрағасы;

Қабельдинова Рабиға Сиқымқызы – комиссия хатшысы, "Балқаш ауданының
 орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық
 кәсіпорынының медбикесі.

Аудан әкімдігінің 2011 жылдың
 31 наурыздағы N 31 Қазақстан
 Республикасының азаматтарын
 2011 жылдың сәуір-маусым және
 қазан-желтоқсанында кезекті
 мерзімді әскери қызметке
 шақыру туралы қаулысына
 2-қосымша

Аудан бойынша азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу КЕСТЕСІ

р/с	Ауылдық округтер	сәуір-маусым											қазан				қараша				
		1	4	5	6	7	8	11	12	13	14	15	1	3	4	5	6	7	10	11	12
1	Бақанас										+	+									+
2	Ақдала			+												+					
3	Ақжар		+														+				
4	Бірлік				+										+						
5	Бақбақты	+												+							
6	Береке				+												+				
7	Ақкөл		+													+					
8	Көктал					+											+				
9	Қарой					+											+				
10	Жиделі								+	+										+	
11	Желтораңғы																			+	
12	Құйған						+											+		+	
13	Балатопар								+												
14	Топар						+											+			
15	Миялы			+												+					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК